

Мақсат – пробация қызметін нығайту

Облыс орталығында ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында пробация қызметі мәселесі бойынша Солтүстік Ирландияның халықаралық сарапшы Томас Паттерсонмен, халықаралық сарапшы Ілияс Нұрмағамбетовпен, сол секілді ҚР ІІМ қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, Қостанай облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің өкілдерімен кездесу болып өтті. Кездесуге академияның басшылық әкімшілігі, профессорлық-оқытушылық құрамы, бөлімшелер мен қызмет жетекшілері және тағы басқалары қатысты.

Кездесуге қатысушылар «Қазақстанда сот реформасын қолдау: пенитенциарлық үдеріс реформасына және сот актілерін орындау тәртібіне қолдау көрсету арқылы қылмыстық сот төрелігін жақсарту» жоба тақырыбын жан-жақты талқылады. Жобаның мақсаты – сот төрелігі жүйесін ізгілендіруге ұлттық стратегияны жүзеге асыруға қолдау көрсету арқылы Қазақстанда заң мен сот реформасының үстемдігін нығайту. Атап айтқанда, мақсаты – жеке құқықтарын қорғауды, кең ауқымда қылмыстық сот төрелігі жүйесінде және жәрдем беру, пенитенциарлық үдеріс реформасы мен сот актілерін орындау тәртібін қолдау үшін оның еуропалық және халықаралық стандарттармен жақындауын жақсарту болып табылады.

Академияның бастығы, полиция полковнигі М.Қызыловтың айтуынша, үстіміздегі жылы жоғары оқу орнының құрылғанына 45 жыл толады. Көп жылдардан бері «құқыққорғау қызметі», «педагогика және психология», «әлеуметтік жұмыс» бағыттары бойынша мамандар даярлап, шетел жоғары оқу орындарымен, атап айтқанда, Ресей Федерациясымен, Тәжікстанмен, Қырғызстанмен, Белоруссиямен өзара ынтымақтастық, тәжірибе алмасу аясында жұмыс істеу үстінде. Оқу орнының келешектегі жұмыстардың бірі – жергілікті полиция қызметі және пробация қызметінде есепте тұрған бостандығынан айыру орнынан босаған азаматтарды әлеуметтік жағынан бейімдеу, осы тұрғыдағы азаматтарға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын құру. Оқу орнында «Қазақстан Республикасында пробация қызметін институтын дамыту: құқықтық және ұйымдастыру мәселелері» тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге Академия пробация қызметі моделінің әзірлеушісі. Оқу орнының мамандары пробация қызметінің іс-әрекетін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерін жасап, даярлауға қатысып отыр. Академияның бастығы, полиция полковнигі

М.Қызыловтың пікірінше, жобаның мақсаты – пробация қызметіне жоғары білікті мамандар даярлау, жоба жоспарын осы бағыт бойынша жүзеге асыру.



Шетел сарапшыларының осы ұсынған жобасының нәтижесінде пробация институты әрі қарай өзінің даму мүмкіндігін алады. Атап айтқанда, пробация қызметі есепте тұрған тұлғалармен мониторинг пен қадағалау жұмыстарын, оқу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін жаттықтырушыларды оқыту, пробация қызметі қызметкерлері үшін оқу-құралдарын басқа да оқу-практикалық әдістемелік құралдар мен материалдарды жүргізетін болады. Халықаралық сарапшы Томас Паттерсон ұсынылған мәліметтерге рахметін айта отырып, бірлескен бағдарлама әзірлемесінің қажеттілігін анықтау, сол секілді жобаны жүзеге асырудың жоспарын даярлау керек деді. Ол бұл жобаның қажет, пайдалы екенін жеткізді. Осы жобаның аясында подполковник Д.Ким «Академияның пробация қызметіне кадр даярлаудағы рөлі. Пробация қызметіне маман даярлаудағы орталық құрудың мақсаты» атты тақырыпта бейнетаныстыру жасады.

Кездесуде академияның профессорлық-оқытушылар құрамымен, тыңдаушылармен және курсанттармен Қазақстан мен Ұлыбритания елдеріндегі пенитенциарлық жүйе мәселесі бойынша танымдық пікірталас ұйымдастырылды.

